

ӘОЖ 316.4

**РЕСМИ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАДЫ САЯСАТЫ**

**Тлеспаева Алмаш, Кекілбекова Әсел**

[asselim@mail.ru](mailto:asselim@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтану кафедрасы, Нұр-Сұлтан

Тарих – халықтың жады мен зердесі. Шынайы ел тарихын білу арқылы тарихи сана орнайды, тарихи сана арқылы ұлттық сана қалыптасады. Кез келген ұлттың тарихы мен мәдениетіндегі болашақ туралы ой толғау, жекелеген адамдардың ұлттық мүддеге қызмет етудегі дәстүрі ұлттық сананың негізінде жүзеге асады. Ұлттық сананың қуатты реттеушісі – тарихи жады. Тарихи жады негізінде мәдени сабақтастық және ұлттық-азаматтық бірегейлік жатыр. Тарихи жады әлеуметтік сана мен әлеуметтік жадының белгілі бір формасы ретінде қоғамның даму процестерін көрсетеді. Ол тарихи тәжірибені жинақтайды және қоғамға жан-жақты алға жылжуға, тарихи, сондай-ақ мәдени сабақтастық және ұлттық-азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін рухани капиталға айналады.

Кез-келген адам немесе адамдар тобы үшін жады рөлі туралы Д.С.Лихачев: «Жады уақыттың жою күшіне қарсы тұрады. Жады – уақыт пен кеңістікті жеңу. Жады – ар-ождан мен адамгершіліктің негізі, жады – мәдениеттің іргестасы. Жады және есте сақтау – өзімізге және ұрпақтарға моральдық парызымыз. Жады – құндылық. Адамдар қиын-қыстау кезеңді басынан өткергенде Жады «бөлінбейтін рухани зат» ретінде ерекше күшке айналады. Адам өзін тарихта сезінуі, қазіргі өмірдегі маңыздылығын түсінуі, өзі туралы жақсы естелік қалдыруы қажет»[1].

Жадының әлеуметтік сипаты мен функциялары туралы алғашқы еңбек XX ғасырдың басында басылып шыққанымен, 1980-ші жылдарға дейін жады әлеуметтік құбылыс ретінде әлеуметтік-гуманитарлық білімде қарастырылмады. Кейіннен осы мәселеге қызығушылық артып, «мемориалдық бум» орын алды да, жады мәселесі қоғамдық деңгейде зерттеле бастады.

XX ғасырдың соңында жады дамып келе жатқан «memory studies» пәнаралық зерттеу бағыты аясында қарастырылады. Бағыттың басты мақсаты – жеке әлеуметтік топтардың да, жалпы адамзаттың да тарихи санасы мен ұжымдық жадын зерттеу. «Memory studies» қазіргі қоғамда да, әртүрлі өркениеттер мен дәуірлерде де тарихтың көрінісі мен өткенді тасымалдау әдістерін зерттейді. Жаһандану және мәдениетаралық коммуникация процестері дамуының

қазіргі жағдайында жадымен байланысты мәселелерді талдаудың өзектілігі артып қана қоймай, жаңа теориялық өлшемдерге ие болды. Тарих туралы қазіргі заманғы жаппай идеялар ұрпақтан ұрпаққа берілетін тарихи саясаттың кәсіби агенттері қызметінің нәтижесі [2].

Отандық ғылымда да жады мәселелерін зерттеуге қызығушылық артып келеді. Осы саладағы зерттеулер өте маңызды, себебі негізі әлеуметтік жады болатын ұлттық сана мәселесі ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Жады бойынша бірқатар зерттеулер жүргізілді, олардың ішінде Ж. Абылхожин бастаған авторлар тобы [3], А.Галиев [4], К.Медеуова [5] еңбектері – іргелі жұмыстар.

Елімізде тарихи жадыны қалыптастыруға байланысты іс-шаралар жүзеге асырылуда. Тәуелсіздігіміздің бесінші жылында-ақ Н.Назарбаев мемлекетіміздің тарихына қатысты: «Біздің халқымыз тарихтың қатпар-қатпар қыртыстарына тамырын терең жіберген қиын да қызықты, талайлы тағдыр кешті. Ол, негізінен, тәуелсіздік жолындағы күреспен өтті», - деді [6]. Тарихқа арқа сүйемесек, болашақ бұлдыр. Әлемде мән-мағына мен құндылықтар майданы жүріп жатқан қазіргі күнде тарихи жадыны сақтап қалу – жалпы өзінді-өзін сақтап қалудың жалғыз жолы. Ұлттық тарихқа стратегиялық тұрғыдағы көзқарасын Тұңғыш Президент «Тарих толқынында» баяндады. 2003 жылы Қазақстан халқына Жолдауында Н.Ә.Назарбаев «Мәдени мұра» бағдарламасын бастайтынын жариялады. Бағдарлама жүзеге асырылған жеті жылда – 2004-2011 жылдар– Қазақстанның тарихы, археологиясы мен этнографиясы бойынша 26 арнаулы зерттеу жүргізілді. Дегенмен мұның бәрі – тарихи жады мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы ауқымды жұмыстың басы ғана. Осы іс «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларымен жалғасы. Бағдарламалардың міндеті – халық әлеуметтік жадында тарихи сананы қалыптастыру. Мұны жады саясатын қалыптастыру құралының бірі деуге болады.


Жады саясатын қалыптастырудың тағы бір жолы – бұқаралық ақпарат құралдары. БАҚ – билік ресурстарының бірі, қоғамдық пікірді қалыптастырушы құрал. 1970 жылы танымал болған «медиа» ұғымы бүгінгі күні біздің айналамыздағы әлемді түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймай, өткеннің бейнелері туралы, олардың қалай жасалғаны, құрастырылғаны, жаңартылғаны туралы мәліметтерді алуға көмектеседі. БАҚ медиа ақпараттық алаңда қоғамдық қатынастардың барлық субъектілерінің болуын қамтамасыз етеді және оның өткені туралы түсініктерін әлеуметтік жадының бір бөлігіне айналдырады. Мемлекет халықтың өткені туралы әлеуметтік жадыны қалыптастыру барысында БАҚ-қа жүгінеді. Ресми БАҚ, оның ішінде баспа беттерінде қоғамдық дискурстар, мәдени жарақаттар, нарративтер, даулы өткен шақ туралы ақпарат жарияланады.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ ауылында болған оқиғалар күні бүгінге дейін халық жадында сақталған. Кеңес Одағы жүргізген саясаттың салдары – күштеп ұжымдастыру, тәркілеу, отырықшыландыру, саяси қуғын-сүргін, ашаршылық [7]. Осы оқиғаларды мемлекет ресми БАҚ-та қалай ұсынып отыр?

Зерттеу сұрағына жауап беру үшін Қазақстан аумағында ең көп таралатын «Egemen Qazaqstan» және «Казахстанская правда» ресми газеттеріне контент-талдау жасалды. Талдау объектісі – XX ғасырдың 30-шы жылдары қазақ даласында орын алған саяси қуғын-сүргін және ашаршылыққа қатысты мақалалар (оның ішінде сұқбаттар да, естеліктер де бар).

1993 жылы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын» ақтау туралы заң шықты. Ал 1997 жылдың 31 мамырында 31 мамыр – «Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын» еске алу күні болып жарияланды. Осыған байланысты талдау іріктемесіне 1993 жылдың 7-21 сәуір аралығындағы және 1997-2002, 2007-2012 және 2017-2021 жылдардағы 24 мамыр мен 7 маусым аралығындағы шығарылымдар кірді. Іріктемелік жиынтық 393 мақаланы құрады. Оның 263-і немесе 67% қазақ тілінде, ал 130-ы немесе 33% орыс тілінде (1-диаграмманы қараңыз).

1-диаграмма




Іріктеліп алынған материалдың тілдік бөлінісі саяси қуғын-сүргін мен ашаршылыққа қатысты мемлекеттік жады саясаты негізінен қазақ тілді қауымға бағытталғанын көрсетті. Мұның екі негізгі себебі бар:

1. Қазақ жеріндегі саяси репрессия мен ашаршылықтың құрбандары тек қазақтар емес, басқа этностар да болғанымен (сайтындағы деректер базасына жүгінсек), тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық сананың оянуы және отбасы тарихы ретінде ауыз екі сақталған естеліктердің кең жария болуы.

2. Қазақстан КСРО-ның бұрынғы бөлігі ретінде саяси тәуелсіздікке қол жеткізгенімен, жаңа әлеуметтік және экономикалық тәуелділік шындығында қалды. Сондықтан, мемлекет ұстанған жады саясаты «орталықпен» қарым-қатынас сипатына байланысты.

Әрі қарай, мақалалар екі ірі оқиғаға, яғни ашаршылық және саяси қуғын-сүргін, байланысты топтастырылды. Ашаршылық туралы материал 86 мақаланы қамтиды немесе 22% құрайды, ал саяси репрессияға қатысты 307 мақала бар, яғни барлық мақаланың 78% (2-диаграмманы қараңыз).


2-диаграмма



Яғни, ашаршылыққа қарағанда саяси қуғын-сүргін мәселесі ресми БАҚ-та шамамен 4 есе жиі ұсынылады. Мұны Қазақстанның полиэтностық жағдайымен түсіндіруге болады, себебі ел тұрақтылығын сақтау мақсатында билік халықты біріктіретін тетіктерге артықшылық бере отырып, ортақ тарихи оқиғалар туралы пікірталасты қолдайды. Ал басқа тарихи оқиғаларға қатысты дискурс постколониялық елдерде ішкі қарама-қайшылыққа алып келуі мүмкін.

Жоғарыда айтылған тұжырымды екі топтағы мақалалардың жазылған тілі бойынша бөлінісі де көрсетіп тұр (3-диаграмманы қараңыз).

3-диаграмма



Ашаршылық мәселесі көтерілген мақалалардың 87% қазақ тілінде жариялануы (орыс тілінде – 13%) биліктің осы тарихи оқиға қазақтарға бағытталған деп қабылдауымен және негізінен солардың әлеуметтік жадын қалыптастыруға бағдарланғандығын сипаттайды. Тағы бір ескеретін жайт – 1997-2002, 2007-2012 жылдар аралығында «Казахстанская правда» газетінде ашаршылыққа қатысты бірде-бір мақала орыс тілінде жарияланбаған.

Ал саяси қуғын-сүргін талқыланған материалдың жазылған тілі бойынша бөлінісі сипаттайтын мәндер (қазақ тілінде – 61%, орыс тілінде – 39%) ашаршылықтыкі сияқты аса алшақ емес.

Саяси қуғын-сүргін тақырыбындағы мақалалардың жылдар бойынша бөлінісіне назар аударатын болсақ, 31-мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін бекіткен 1997 жыл мен одан кейінгі 1998 жылы мақалалар саны кейінгі онжылдықта жарияланған материал санына шамалас. Ал 2010 жылдан бастап осы мәселе ресми бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді жариялануы биліктің тарихи оқиғаны қазақстандық халықты консолидациялаушы тетіктің бір бөлігіне айналдыру процесін байқаймыз (1-кестені қараңыз).

1-кесте.

№	Жылдар	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
1.	1993	4	0
2.	1997	22	13
3.	1998	13	5
4.	1999	2	1
5.	2000	5	3
6.	2001	5	2
7.	2002	9	3
8.	2007	6	13
9.	2008	9	7
10.	2009	7	2
11.	2010	14	4
12.	2011	10	6
13.	2012	32	4
14.	2017	25	17
15.	2018	18	9
16.	2019	16	10
17.	2020	41	17
18.	2021	27	17

Қазақстандық биліксоңғы жылдары саяси қуғын сүргін оқиғаларына қатысты посткеңестік үнсіздіктен жадының деколониялық талдауына бет бұруы бүгінгі күнгі қоғамның ілеуметтік жадын қалыптастыру және оны консолидациялау процесіне көшкенімен, ашаршылық туралы ресми деколониялық бетбұрыстың қашан орын алатыны белгісіз.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Лихачев Д.С. Письма о добром. СПб.: «Русско-Балтийский информационный центр БЛИЦ», 1999.

2. Ачкасов В.А. «Политика памяти» как инструмент строительства постсоциалистических наций // Журнал социологии и социальной антропологии, 2013, №4.

3. Абылхожин Ж.Б. Живая память. Сталинизм в Казахстане – Прошлое, Память, Преодоление / Под ред. Ж.Б. Абылхожина, М.Л. Акулова, А.В. Цай. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2019. – 272 с.

4. Галиев А.А. Отражение советской истории в политике памяти современного Казахстана. Үлкен Алтай әлемі – Мир Большого Алтая – World of Great Altai, 2(3.1) 2016.

5. Медеуова К. Практики и места памяти в Казахстане (структурно-типологический обзор) / Медеуова К., Ермагамбетова К., Кикимбаев М., Мельников Д., Наурызбаева З., Рамазанова А., Сандыбаева У., Толгамбаева Д., Тлепберген А. – Астана: ТОО Мастер По, 2016. – 73с.

6. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында / Назарбаев, Нұрсұлтан Әбішұлы, - Алматы : Атамұра, 2003 . - 288 б

7. Б.Ж. Смағамбет, А.А. Тлспаева. Қазақ седентаризациясы және оның салдары. Әлеуметтанулық концептуалдау перспективасы. С.Торайғыров атындағы ПМУ Хабаршысы. Гуманитарлық сериясы. №2 (2019).